

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АДДЕСТ МИНИСТЕРИЛІГІ	
АКОМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ АДДЕСТ ДЕПАРТАМЕНТІ	
БУРАБАЙ АУДАНАРАЛЫҚ АДДЕСТ БАСҚАРМАСЫ	
ЗАНДЫ ТҮЛҒАНЫН МЕМЛЕКЕТТІК	
КАЙТА ТІРКЕУС КҮНІГІНДІ	
2021 ж. 14. наурыз 09 14:000 44/35	Бағыттың Атасынан тұрғалған 1999 ж. 22. 10.



Ақмола облысы әкімдігінін
2021 жылғы 5 кантардағы
№ А-1/2 қаулысымен
бекітілген

**«Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім
бөлімі Қарашилік ауылдының жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінін**

ЖАРГЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Қарашилік ауылдының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) тәрбиелік, білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында күрүлған, занды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық мемлекеттік мекеме.

3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазакстан Республикасының Конституациясына, Зандарына, Президент пен Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік мекеменің күрүлтайшысы Ақмола облысының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі – Күрүлтайшы).

5. «Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі тиісті саланын үәкілетті органы (бұдан әрі – тиісті саланын үәкілетті органы) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Қарашилік ауылдының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мемлекеттік мекеменің орналаскан жері: 021716 индексі, Қазакстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Қарашилік ауылы, Школьная көшесі, 1 Б уй.

2. Мемлекеттік мекеменің занды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазакстан Республикасының заннамасына сәйкес Қазакстан Республикасының Мемлекеттік Елтанбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазакстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды коспағанда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеменің ақшасы жеткілікіз болған жағдайда мемлекеттік мекеме оның міндеттемелері бойынша Қазакстан Республикасы немесе экімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет каражатымен субсидиарлық жауапкершілікте болады.

11. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазакстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық казынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, өз күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні білім алушыларды жеке тұлға, қоғам, мемлекет мұддесінде оқыту және тәрбиелеу және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме мақсатка қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) күзыретті тұлғаны калыптастыруға және дамытуға бағытталған үлгілік оку бағдарламаларын менгеру, арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;

2) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген ғылымның базалық негіздерін менгеруді қамтамасыз ету;

3) тұлғаның шығармашылық, рухани және күш-куат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін калыптастыру;

4) өз Отаны - Қазакстан Республикасына деген азаматтық сүйіспеншілікке, патриотизмге баулу, мемлекеттік рәміздері мен мемлекеттік тілді құрметтеуді, халық дәстүрлерін қастерлеуді, Конституцияға карсы және қоғамға карсы кез келген көріністерге төзбеушілікті тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-сақси, экономикалық жәнә мәдени өміріне қатысу жағеттігін, жеке адамның өз құқыктары мен міндеттеріне саналы қөзқарасын калыптастыру;

6) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, казак халқының және Қазакстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-гүрпі мен дәстүрлерін зерделеу;

7) ерекше білім беру жағеттілігі бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін білім алушылардың дербес ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдай жасау;

- 8) білім алушылардың кәсіби уаждемесін қамтамасыз ету;
- 9) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;
- 10) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету.

14. Мемлекеттік мекеменің жаңында мектепке дейінгі толық күнді шағын орталығы жұмыс істейді, ол келесі міндеттерді жүзеге асырады:

- 1) мектепке дейінгі жастагы балалардың өмірін және деңсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін онтайлы жағдайлар жасау;
- 3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
- 4) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-кимыл жасау;
- 5) ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және деңсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету.

15. Мемлекеттік мекеме оку үдерісін «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оку жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бүйрығына, «Жалпы білім беру ұйымдарына ариалған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оку бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бүйрығына сәйкес жүзеге асырады.

16. Мемлекеттік мекеме оку үдерісін жүзеге асыратын үлгілік, оның ішінде қыскартылған оку жүктемесі бар оку жоспарларын дербес таңдайды.

17. Бастауыш білім берудің үлгілік оку бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке кабілеттерін, оку ісіндегі он талпынысы мен машықтарын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен менгеру үшін окудын, жазудын, есептеудің, коммуникативтік дағдылардың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

18. Негізгі орта білім берудің үлгілік оку бағдарламалары білім алушылардың ғылымдар жүйесінің базалық негіздерін менгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық катынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және көсіптік бағдарлануына бағытталған.

Үлгілік оку бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын камтиды.

19. Мемлекеттік мекемеде оку және тәрбие үдерісі үлгілік оку бағдарламаларына және жұмыс оку жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Мемлекеттік мекемеде оқыту мен тәрбиелеу мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Мемлекеттік мекемеде оқыту үдерісі үлгілік оку жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оку жұмыс кестесімен және сабактар кестесімен регламенттеледі.

21. Мемлекеттік мекеме үлгілік оку жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттерінің сағаттарын мектептен тыс (мәдениет мекемелерінде, спорт тімараттарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, өнерқасіптік кәсіпорындарда, табиғатта) еткізеді.

22. Білім алушылардың оку жүктемесі, сабак режимі Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттардың, санитариялық қағидалардың, үлгілік оку жоспарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сактау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған білім беру үйымдары бекітетін ережелермен айқындалады.

23. Мемлекеттік мекемедегі сабактар кестесін онын басшысы не оны алмастыратын тұлға бекітеді.

24. Мемлекеттік мекемеде балалар мен жасөспірімдерді медициналық камтамасыз ету «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар «Санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазакстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығына сәйкес үйымдастырылады.

25. Білім алушылардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оку бағдарламаларын менгеруін бакылау максатында, мемлекеттік мекеме «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бакылау, аралық және корытынды аттестаттау еткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазакстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес, білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бакылауды және корытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

26. Мемлекеттік мекеме үлттық білім беру деректер базасында деректер өзектілігін және білім саласындағы құзыретті органда акпараттар жүйелердің автоматтандырылған акпаратпен алмасуды қамтамасыз етеді.

27. Балаларды мемлекеттік мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына окуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі үйымдарға қабылдау «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазакстан Республикасы Занының 10-бабы 1-тармагына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын занға тәуелді нормативтік күқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

28. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік мекемеден басқа мемлекеттік мекемеге ауыстыру растайтын күжаттар негізінде мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

29. Мемлекеттік мекемедегі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

30. Бастауыш білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының бірінші сыныбына қабылданатын балалардың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 сәуірінен бастап 1 тамызына дейін жүзеге асырылады.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырган, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумакта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттагы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда білім беру үйымдарының бірінші сыныбына құжаттарды қабылдау ағымдағы жылғы 20 тамыздан кешіктірілмей жүргізіледі.

31. Білім беру үйыми бірінші сыныпка қабылдау туралы бүйрыкты ағымдағы жылғы 25 тамыздан кейін шығарады.

32. Оку процесі ағымдағы жылдың 1 кыркүйегінен келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оку жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

33. Мемлекеттік мекеменің міндетті мектеп формасы оқытудың зايырлы сипатына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 кантардағы № 26 бүйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

34. Білім алушылардың саны мемлекеттік мекеменің жобалық сыйымдылығынан аспауы тиіс. Кашыктан оқыту нысаны бойынша білім алушылардың саны жалпы окушылар санына кірмейді.

35. Сыныптардың толымдылығы 25 окушыдан артық болмауы тиіс.

Шектеу іс-шараларын орындау барысында, мемлекеттік органдардың төтенше жағдайларды енгізу аясында, соның ішінде белгілі аумакта төтенше ахуал туындаған кезде, карантин енгізген кезде, сыныпта 15 білім алушыларға дейін сынып-жинақталымдарын калыптастыра алады.

36. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны, шағын орталықтагы оку жүктемесінің ең көп көлемі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 каулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен белгіленеді.

37. Мемлекеттік мекемеде алқалық басқару нысандары (педагогикалық, камкоршылық, әдістемелік кенестер және педагогтік әдел жөніндегі кенес) күрүлады.

38. Он алты жасқа дейінгі балаларды мемлекеттік мекемеден шығару күкүкка карсы әрекеттер жасағаны үшін, білім беру үйымының жаргысын ерекшелік бірнеше рет бұзғаны үшін уәкілетті органның шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

Жетім балалар мен ата-анасының камкорлығының қалған балаларды шығару туралы шешім камкоршы және корғаншы органдардың келісімімен қабылданады.

Пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарды мемлекеттік мекемеден шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен кабылданады.

Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі шағын орталықтан шығару келесі жағдайларда жүргізіледі:

- 1) мемлекеттік мекеме мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі арасындағы шарттың талаптарын бұзған жағдайда;
- 2) тәрбиеленуші дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт өткен жағдайда;
- 3) дәрігерлік консультациялық комиссияның аныктамасы негізінде оның болуына кедергі келтіретін медициналық карсы айғактардың болған жағдайда.

39. Білім алушылар мен тәрбисленушілер құқылы:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) білім беру үйымы кенесінің шешімі бойынша жеке оку жоспарлары, қыскартылған білім беру бағдарламалары бойынша Мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттары шенберінде оқыту;
- 3) оку жоспарларына сәйкес балама курстарды тандауга;
- 4) қосымша білім беру қызметтерін, өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес білімді ақылы негізде алуға құқығы бар;
- 5) білім беру үйымын басқаруға катысу;
- 6) бір оку орынан екіншісіне, бір мамандықтан немесе жоғары білімнің білім беру бағдарламасынан екіншісіне, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша окуға немесе оқытудың бір нысанынан екіншісіне кайта кабылдау және ауыстыру;
- 7) білім беру үйымдарында акпараттық ресурстарды, оның ішінде мүгедектерге, мүмкіндіктері шектеулі балаларға қолжетімді нысанда тегін пайдалануға, окулықтармен, оку-әдістемелік кешендермен және оку-әдістемелік күралдармен, оның ішінде мүгедектерге, мүмкіндіктері шектеулі балаларға дайындалғандармен қамтамасыз етуге;
- 8) спорт, оку, салтанат залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы акпарат алуға;
- 10) өзінің пікірін және сенімін еркін білдіруге;
- 11) өзінің адамдық кадір-қасиетін күрметтеуге;
- 12) окудағы, гылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермелегеуге.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілер міндettі:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдыларды және құзыреттерді менгеру, ішкі тәртіп қагидаларында, білім беру үйымының жарғысында көзделген талаптарды сактауға;

2) өз деңсаулығын күтүге, рухани және дене бітімін жетілдіруге үмтүлуға;

3) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндепті мектеп формасына қойылатын талаптарды сактауға;

4) өздері білім алатын оку орнының дәстүрлерін, педагог қызметкердің ар-намысы мен кадір-қасиетін күрметтеуге міндепті;

40. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заны өкілдері құқылы:

1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру үйымдарын тандауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру үйымдарын басқару органдарының жұмысына катысуға;

3) білім беру үйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оку жағдайларына катысты акпаратты алуға;

4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары бойынша консультациялық көмек алуға;

5) балаларының шарттық негізде косымша қызметтер алуға.

Ата-аналар мен өзге де заны өкілдер:

1) балалардың өмірі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдай жасауға, олардың зияткерлік және дене бітімінің дамуын, адамгершілік түргыдан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) балаларды одан әрі жалпы білім беретін мектепке айқындай отырып, мектеп алды даярлықты қамтамасыз етуге міндепті;

3) білім беру үйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

4) балалардын оку орнындағы сабактарға катысуын қамтамасыз етуге;

5) білім беру үйымдары қызметкерлерінің ар-намысы мен кадір-қасиетін күрметтеуге;

6) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндепті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;

7) білім беру үйымында белгіленген киім нысанын сактауға міндепті.

41. Педагог қызметкердің құқыктары мен міндептері.

Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде педагог құқылы:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндепті стандартының талаптарын сактау шартымен кәсіптік қызметті үйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін тандауға;

2) лауазымды және баска да адамдар тарапынан зансыз карым-катынастан және кедергіден корғануға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заны өкілдері тарапынан кәсібіне күрметпен қарауға;

4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін кажетті үйымдастырушылық және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуге;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуғе;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сакталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және колдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, негұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оку құралдарын, оку материалдары мен оқыту, тәрбиелеудің өзге де құралдарын тандауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оку жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулыктарды, оку-әдістемелік кешендер мен оку құралдарын әзірлеуге катысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру үйімінің қызметіне катысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) білім беру үйімін баскарудың алкалы органдарының жұмысына катысуға;

12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын тандауға;

14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға;

15) Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогикалық қызметті жүзеге асыруға;

16) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін мадақтауға;

17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Занына сәйкес әскери қызметке шакыруды кейінге қалдыруға;

18) Қазақстан Республикасының заннамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын колдау және арттыру үшін «Болашак» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;

19) үйім басшысының өзіне катысты қабылдаған актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрган лауазымды адамдарға немесе сотка шағымдануға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен кадір-қасиетін күрметтетуге;

21) Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген өзге де күкіктарға.

Педагог:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді менгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сактауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) езінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бесс жылда бір реттен кешікпей арттыруға (растауга);

4) педагогтік әдепті сактауға;

5) Казахстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық карап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де занды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін күрметтеуге;

7) балаларды занга, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге күрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, коршаган ортаға ұқыпты карау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру үйімінің басшылығына өмірлік қызын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру үйімінің басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмагандардың жасау немесе оларға катысты жасалу, оның ішінде білім беру үйімінан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де занды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

Педагог білім беру үдерісін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды кабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты көздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге кезкарасы* бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насиҳаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазахстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлөрі туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазахстан Республикасының Конституциясына және Қазахстан Республикасының заңнамасына қайши келетін әрекеттерге итермелеву үшін пайдалануға құқылы емес.

Міндеттерін бұзғаны және педагог атағына нұксан келтіретін теріс қылым жасағаны үшін педагог Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

42. Мемлекеттік мекеме «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Занының 63-бабына сәйкес қызмет көрсетуге құқылы.

43. Мемлекеттік мекемеде оқыту үлгі нысаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қантардағы № 93 бүйрығымен бекітілген орта білім беру үйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсету шартының негізінде жүзеге асырылады.

44. Мемлекеттік мекеменің осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен максаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасаута құқығы жок.

45. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек койылған қызмет максаттарына кайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органдының, жергілікті аткарушы органдың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік мекемені басқару

46. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың уәкілетті органды жүзеге асырады.

47. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) коммуналдық мемлекеттік мекемені кайта құру және тарату туралы шешім кабылдайды;

4) мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюды немесе кайта болуді жүзге асырады;

48. Тиісті саланың уәкілетті органды Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекеменің жеке каржыландыру жоспарын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сакталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілдегі мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер кабылдау тәртібін анықтайды;

4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе кайта белуге келісімін береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

49. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басшысы тиісті саланың уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

50. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын үйімдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

51. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз күзыретіне сәйкес дербес шешеді.

52. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті енбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

53. Мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да үйымдарда мемлекеттік мекеменің мұдлесін ұсынады;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлердің казакстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындаудың қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын колданады;

- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің озге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;
- 11) сыйбайлас жемқорлықка карсы іс-қимыл бойынша шарапар кабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;
- 12) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бакылауды жүзеге асырады және ол үшін Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жауаптылықта болады;
- 13) Қазақстан Республикасының заннамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік мекеме мүлкінің күрылу тәртібі

54. Мемлекеттік мекеме мүлкінің күнын, оның тенгерімінде айқындалатын занды тұлғаның активтері күрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктен;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүліктен (ақшалай кірістерді коса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заннамасымен тыйым салынбаған өзге де каржы көздері есебінен күрылады.

55. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета каражаты бойынша мүлікке взгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген күкігі жок.

56. Егер Қазақстан Республикасының зандарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру күкігі берілсе, онда білім беру (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) еткізуден түсsetін акшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған акша Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

57. Егер Қазақстан Республикасының зандарында косымша каржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі бюджеттен каржыландырылады.

58. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес есентілік ұсынады.

59. Мемлекеттік мекеменің каржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заннамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

60. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің кагидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заннамасының нормаларына кайшы келмеуі тиіс.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

61. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

62. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес тіркеледі.

8. Мемлекеттік мекеменің қайта үйымдастыру және тарату шарттары

63. Мемлекеттік мекеменің қайта үйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

64. Мемлекеттік занды тұлға, заннамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

65. Кредит берушілердің талаптарын канагаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік занды тұлғаның мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

66. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған каражатты коса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары канагаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

9. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

67. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жок.

Басшы

Уашева Н.В.

Т. А. Ә.

РД

КОЛЫ

Утвержден
постановлением акимата
Акмолинской области
от 5 января 2021 года
№ А-1/2



УСТАВ
коммунального государственного учреждения
«Общеобразовательная школа села Карашилик
отдела образования по Бурабайскому району
управления образования Акмолинской области»

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа села Карашилик отдела образования по Бурабайскому району управления образования Акмолинской области» (далее -государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме коммунального государственного учреждения для осуществления воспитательных, образовательных функций.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Государственное учреждение осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией, Законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства, иными нормативными правовыми актами и на основании настоящего Устава.

4. Учредителем государственного учреждения является акимат Акмолинской области (далее - Учредитель).

5. Уполномоченным органом соответствующей отрасли является государственное учреждение «Отдел образования по Бурабайскому району управления образования Акмолинской области» (далее - уполномоченный орган соответствующей отрасли).

6. Наименование государственного учреждения: Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа села Карашилик отдела образования по Бурабайскому району управления образования Акмолинской области».

7. Местонахождение государственного учреждения: индекс 021716 Республика Казахстан, Акмолинская область, Бурабайский район, село Карашилик, улица Школьная, 1 Б.